

12. Божевольной Е.А., Серебрякова Г.В. 8-пара(толуолсульфониламино)хиолин люминесцентный реактив на цинк и кадмий. Химические реактивы и препараты. – Москва, 1961. - С. 36-42.
13. Красавин И.А., Бавельский З.Е., Лазарис. Я.А., Дзиомко В.М. Гистохимические реакции на цинк в островках Лангерганса и диабетогенная активность используемых для этой цели реактивов // Проблемы эндокринологии. - 1969. - №3. - С. 102-105.
14. Meqramov G.G., Meqramova A.G. 8-PTSQ as Fluorescent Reagent for Reve aling of Zn-ions in B-cells and as Diabetogenic Chelator //Acta Diabetologica. - 2003. - Vol. 40, № 1. - P. 57.
- 15.Мейрамов Г.Г., Тусупбекова Г.Т., Мейрамова Р.Г. Гистофлюориметрический метод определения содержания инсулина в панкреатических В-клетках // Проблемы эндокринологии. - 1987. - Т.33, №6. - С. 49-51.
16. Мейрамов Г.Г. и др. Предпатент Казахстана №18352 «Способ количественной оценки содержания инсулина в В-клетках панкреатических островков в эксперименте / Мейрамов Г.Г., Кикимбаева А.А., Мейрамова А.Г. // Государственный Реестр изобретений Казахстана. Зарегистрировано 18.01.2007.
17. Kotake Y., Kato M. Studies of Xanthurenic Acid. XIY. Inhibitory action of 4,8-methoxy- quinolin-2-carboxylic acid ethereal sulfate of Xanthurenic Acid and Kynurenic Acid on the diabetogenic property of Xanthurenic Acid // J.Biochem. - 1957. - Vol. 44(2). - P. 787-795.
- 18.Weitzel G.,Buddecke E., Strecker F.-J., et al. Zinkbind- ungsvermogen und Blutzuckerwirkung von Xanthurensaure, Kynurenin und Tryptophan // Hoppe-Seyler's Z.Physiol. - 1954. - Vol. 298. - P.169-184.
19. Meqramov G.G., Meqramova A.G. Cystein Protect Pancreatic B-cells of Destruction Caused by Zn⁺²-chelators // DIABETES, the Journal of American Diabetes Association. - 2003. - Vol. 51(6). - P. 552.
20. Машковский М. Д., Лекарственные средства. – М., 2005.
21. Крылова Ю.Ф., Бобырева В.М. Фармакология. - Москва, 1999.

ОӘК 711.455

ААҚ «АТЫРАУ» ШИПАЖАЙЫНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Таскалиева Г. Б.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Атырау шипажайы –денсаулықты қалпына келтіру, созылмалы ауруларды емдеу және алдын алу шараларына бағытталған. Қызмет сапасы шипажайдың білікті мамандар құрамына және заманауи емдеу технологияларын қолдануға байланысты.

Кілт сөздер: шипажай,емдік балшық,минералды ванна, ауруларды алдын алу, тұзды көл.

The Atyrau sanatorium is aimed at rehabilitation, treatment and prevention of chronic diseases. The quality of service depends on the composition of qualified specialists of the sanatorium and the use of modern treatment technologies.

Keywords: sanatorium, therapeutic mud, mineral bath, disease prevention, salt lake.

Қаработан көлінің емдік қасиеті тұрғылықты Прикаспий өңірінің халқына ежелден белгілі болған. Бірақ бұл көлдің емдік қасиеті туралы деректі мәліметтер тек XVIII ғасырда пайда болды. Қаработан көлі Атырау қаласының солтүстік-шығысында 46 км қашықтықта орналасқан. Қаработан балшығының құрамы Саки және Феодосии курорттарының балшығына ұқсас.

Зерттеу жұмысының мақсаты: ААҚ «Атырау» шипажайының жергілікті халықтың денсаулығын сақтаудағы және аурудың алдын алудағы маңызын анықтау.

Зерттеу міндеті Атырау облысы бойынша санаторлық-курорттық қызметтерді ұсынатын ААҚ «Атырау» шипажайының емдік-сауықтыру шараларының сипатын талдау.

ААҚ «Атырау» шипажайы 1936 жылы Гурьев қаласында «Мұнайшы» демалыс үйі болып ашылды. 1938 жылы Орталық геология ғылыми-зерттеу институты профессоры М.К. Фейгельсонның басшылығымен және ҚазССР Ғылым Академияның Мұнай Институты қызметкерлері геология ғылымының кандидаты А.И.Цитович басшылығымен Қаработан көліндегі емдік №4116 химиялық құрамын зерттеуді бастады. 1941-1944 жылдары демалыс үйінің жанынан госпиталь ұйымдастырылды. 1949 жылы қазақстанға еңбегі сіңген атақты дәрігер А.Ж.Сүндетов тұңғыш рет стационарлық жағдайда Қаработан балшығының жақсы емдік қасиетін анықтады. 1959 жылы демалыс үйінің жанынан 150 адамға арналған балшықпен емдейтін шипажайы ашылды. 1987 жылы №12 ұңғымадан алынатын минералды тұздықты емге пайдалана бастады. 1995 жылы құрылтайшылары ААҚ «Ембімұнайгаз» және ААҚ «Теңізмұнайгаз» және ҚР кәсіподақ ұжымы арқылы ААҚ «Атырау шипажайы» ұйымдастырылды [1].

Қазіргі шипажай «Атырау» атауын 1995 жылы алды. 1936 жылы шипажай «Нефтяник» атауымен өз қызметін бастады. Ұлы Отан соғысы кезінде шипажай жаралыларды емдейтін госпиталь қызметін атқарды, ал Қаработан көлінің балшығын эшалондармен Мәскеудегі госпитальдарда қолдану үшін жеткізіп отырды.

1959 жылы «Нефтяник» шипажайын жүйке тамырлар жүйесін және қимыл-қозғалыс органдарының ауруымен ауыратын адамдарды жыл бойы балшықпен емдейтін «Гурьевский» шипажайы болып ауыстырылды. 70-80 жылдары шипажайдың гүркіреп тұрған кезі: ғимараттары өте жақсы диагностикалық және емдеу базасымен жабдықталған, кәсіби дайындалған мамандар жұмыс жасайтын орны болды. Осы уақытта 320 метр тереңдікте орналасқан, құрамында Менделеев кестесіндегі барлық химиялық элементі бар, соның ішінде бром және йодқа бай, ерекше хлоридті - натрийлі қаныққан тұздық жасай бастады. Емделушілерді сауықтыру және емдеу мақсатында физиотерапия процедуралары да кеңінен қолданылды. Ерекше екі табиғи емдік фактордың үйлесімділігі, тек қана көптеген аурулардан емделуге ғана емес, сонымен қатар көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі. Шипажай дәрігерлері бұл табиғи факторларды қазіргі әлемдегі экологиялық жағдайды ескере отырып, күйзеліс кезінде адамдардың жалпы ағзаның тонусын қалыпты ұстау үшін қосымша құрал ретінде пайдалануды ұсынды. Экологиялық жағымсыз жағдайда өмір сүретін адамдар үшін, мысалы, үнемі ылғал, қысы қарсыз өтетін, желді, шанды аймақтарда көп

таралған ауруларды алдын алу бұл шипажайда ұсынылатын қызметтер міндетті шараға айналуы тиіс [2].

Зерттеу әдістері мен материалдары теориялық зерттеуге негізделіп, Атырау шипажайының тарихы, негізгі емдік әдістері, ерекшеліктері анықталды.

Мақалалар, кітаптар, ресми сайттар және зерттеу жұмыстары арқылы ақпарат жинақталды. Емдік қасиеттері мен қолданылатын ресурстар туралы ғылыми деректерге талдау жасау арқылы анықталды.

Қазіргі «Атырау» шипажайы- 5 гектар аумақты алып жатқан, спорт алаңы мен автокөлік тұрағы бар, санаториялық-қонақ үйлік кешен. Шипажайда 4 жұлдызды қонақ үй қызмет көрсетеді. Қонақ үй мейрамханасы Атырау қаласындағы ең жақсы мейрамханалар қатарында, «люкс» классына сай қызмет көрсететіндігі туралы сертификатқа ие. Шипажай қонақ үйінде әр қашан үй жағдайы мен тыныштық орын алған. «Атырау» шипажайы- балшықпен емдеуге маманданған. Шипажайдың негізгі қызметтері қозғалыс-қимыл аппараттарының, орталық жүйке жүйесінің ауруларын, әйел және ерлер жыныс аурулары мен тері ауруларының алдын алу, емдеуге бағытталған. Қазіргі уақыттағы ең кең таралған созылмалы аурулар - аллергия, қан тамыры аурулары, эндокринді аурулар.

Шипажайдың көрсететін шипажайлық -курорттық қызметтеріне келетін болсақ, шипажайға жолдамаларды сату мен амбулаторлық ем қабылдау, қытай массажи, балқарағай фитобөшкесі (бу саунасы), ультрадыбыстық диагностика, гирудотерапия-сүлікпен емдеу, колоногидротерапия-ағзаны тазарту, емдік-сауықтыру массажи, сумен емдеу (сумен емдеудің 4 түрі қарастырылған: інжу-маржанды, минералды, пантогемотогенді, су ішіндегі су массажи), балшықпен емдеу (3 түрі), физиотерапия (12 түрі), тіс емдеу, кардиология, ЭКГ, жаттығу залы, урология, гинекология, климаттық биохимиялық зертхана, «CERAGAM» аппаратымен массаж жасау, тұзды бөлме және иглотерапия.

Шипажайдағы балшықпен емдеу процедуралары бөлек тұрған бір қабатты ғимаратта жүзеге асырылады. Балшықпен емдеудің 3 тәсілі жүзеге асырылады. Олардың біріншісі балшық аппликацияларын жапсыру. Бұл әдіс бойынша Қаработан көлінің емдік балшығы қолданылады. Бұл балшық артроз, спондилез, остеохондроз, полиартрит сияқты сүйек пен буын ауруларына тиімді әсер береді. Бұл балшық аппликацияларының тиімді әсері процедура кезінде аурып тұрған ағзаға тікелей әсер ету арқылы жүзеге асырылады, яғни сол ағзадағы қан айналым дұрысталып, зат алмасу процесі қалпына келеді.

Физиолог, травматологтармен реабилитологтардың пікірінше сүйек пен буын ауруларына жақсы әсер беретін бірден бір тиімді процедура бұл балшықтан аппликациялар жабыстыру [3,106.].

Балшықпен емдеу процедурасының екінші түрі-гальванобалшықпен емдеу. Бұл әдіс ауру ағзаға бір мезгілде токпен және емдік балшықпен әсер ету әдісі. Бұл әдісті алғаш рет 1913 жылы А.А. Лозинский ұсынған. Тек балшықпен әдісіне қарағанда екі әдісті қатар қолдану, яғни гальванды ток сияқты белсенді физикалық фактормен қосымша әсер ету ағзаға балшық құрамындағы иондарды енуіне кепіл болады және оның химиялық әсерін күшейтеді. Гальванобалшық процедурасының қабынуға қарсы және сіндіргіш қасиетіне қоса, оның трофикалық әсері, яғни зат алмасу процесін қалпына келтіріп, ағзаның қорғаныс күшін күшейтіп, иммунобиологиялық мүмкіндігін көтеріп,

терең тіндермен ағзалардың қан айналым процесі жақсартады. Шипажайда жүзеге асырылатын емдеу әдісі -жарықпен балшық емін қатар қолдану. Жарық арқылы қыздыру, ультракүлгін сәлелерін қолдану арқылы жүзеге асады.

Шипажайда сумен емдеу әдістері келесідей төрт түрлі әдіспен жүзеге асады. Минералды ванналар: хлоридті-натрийлі ванналар және йодты -бромды ванналар. Хлоридті-натрийлі ванналар бұл өте кең таралған минералды су түрі. Қайнар көзі болып теңіз, тұзды көлдер және жерасты сулары табылады. Олар минералды сулардың негізгі бөлігін және жер шарының 70 % құрайды. Хлоридті-натрийлі судың жылулық әсері тұщы судан қарағанда күштірек. Бұндай ваннаның жылулық ағымы осындай температурадағы тұщы суға қарағанда 1,5 есе әсерлі болып келеді. Жылудың сінуі терінің сыртқы қан тамырларының кеңеюіне және қан айналымының 1,2 есе жылдамдауына алып келеді. Хлоридті-натрийлі судың тудыратын қысымы терінің жаңаруына, жасушаның физикалық химиялық құрамының өзгеруіне алып келеді. Иондық мироортасының өзгерісіне байланысты қабыну төмендеп, терінің жүйкелік өткізгіштігі төмендеп, оның ауру сезгіштігі әлсірейді. Бұл әсер ванна қабылдағаннан кейін орын алады. Себебі ванна кезінде хлоридті-натрий кристалданып, ванна қабылдаған соң теріде жұқа тұзды қабат қалдырады. Бұндай ванналар жүрек қан тамырлары ауруларына, ревматикалық жүрек ақаулары бар адамдарға қолданылады.

Минералды ванналардың екінші түрі бұл -йодты-бромнийлі ванна. Бұл процедура кезінде йод пен бромний қан айналымға еніп, қалқанша безі мен гипофиз бен гипоталамусқа жиналады. Терінің жүйкелік өткізгіштік микроортасы өзгеріп, қан айналым мен тыныс алу жүйесі өзгереді. Нәтижесінде емделушінің бұлшық ет тонусы, артериалдық қысым, жүректің жиырылу жиілігі азайып, қан айналым көлемі ұлғаяды. Бүйректе, бауырда және өтте қан айналым күшейеді. Йод иондары қалқанша безіне еніп, органикалық заттар түзеді, физиологиялық белсенді гармондар -тироксин мен трийодтиронин ағзаның негізгі зат алмасуын қалпына келтіреді. Қабыну ошағына шоғырлана отырып йод иондары коллагенді және эластинды талшықтарын ыдыратады. Бром иондары миға еніп, кедергі және қабыну процесстерін өзгертеді. - Бұл ванналар жүрек қан тамырлары ауруларына, шизофрения, психоз сияқты орталық жүйке жүйесі ауруларына, экзема, псориаз сияқты тері ауруларына ұсынылады [4].

Пантогематогенді ванналар денсаулықты нығайту үшін керемет құрал ретінде белгілі. Оның маңызы сыртқы орта жағымсыз жағдайларына ағзаның қарсы тұруын күшейту болып табылады. Бұл ванналар буын аурулары мен радикулиттің, атеросклерозбен физикалық шаршаудың, жүрек ауруларымен жыныстық әлсіздіктің емі. Пантогематогенді ванналар артериальді қысымды қалпына келтіріп, қандағы холестерин деңгейін төмендетіп, қан айналым процесін жақсартып, жұмыс жасау қабілетін күшейтіп, жүйке жүйесін нығайтып, стрессті кетіріп, жасартады. Бұл ваннаның тиімді әсері әсіресе он екі елі ішектің және ішектің жара ауруларына, әйел және ер адамдардың несеп-жыныс ауруларында қолдануға ұсынылады. Балаларды үнемі суық тиіп қабынудан қорғап қана қоймай, мектептегі шаршаудан арылтады.

Инжу-маржанды ванна- табиғи болмайды, ол үшін суды ауамен қанықтырады. Бұл ваннаның емдік сипаты оның температуралық және механикалық әсер етуіне байланысты көрінеді. Инжу-

маржанды ванна Инжу-маржанды ванналар орталық жүйке жүйесі ауруларында қолданады. Ол жүйке жүйесіндегі қабынуды азайтып, тыныштандыру әсерін береді. Артериальді қысым төмендеп, жүрек қан айналымы күшейеді. Көптеген жүйке жүйесі әлсіз адамдарда бұл ваннадан кейін ұйқысы қашады [5, 566.].

Суасты душ-массаж-сумен емдеу әдістерінің бірі: тұщы су, шөпті су, тұзды немесе эфирлі май қосылған ванна, су ағымының массажды әсері, қысым, ваннамен душтың суының температурасының үйлесімділігі. Суасты душ-массаждың әсері классикалық емдік массаждың әсеріне сәйкес келеді. Бірақ суасты душ-массаж емделушінің суастында болуына байланысты оның денесі максималды бос, сондықтан массаж терең әсер береді және ауыртпайды. Массаждың жиілігі су ағымының диаметріне, теріден алшықтығына, ағынның әсер ету бұрышына, қысымға байланысты болады.

Суасты душ-массажы жоғары физикалық дайындықта, ота жасалғаннан кейін қайта қалпына келтіруші әсер етеді. Кей жағдайда бұл физиотерапия күтілген нәтижеге жеткізбеу мүмкін, тіпті оның денсаулығына зиянын тигізуі мүмкін.

Физиотерапия- электрмен, сумен, жылумен, жарықпен, ультрадыбысты механикалық әсерін тигізіп емдеу.

Галотерапия- ағзаны сауықтыру мақсатында бірігей және тиімді емдеу әдісі. Ол жерасты тұзды үңгірлердің микроклиматын қолдану. Зерттеулер нәтижесі бойынша галотерапияның жүрек-қантамырлары жүйесінің күйіне жағымды әсер ететіндігі дәлелденген [6, 1086.].

Гирудоксфлексотерапия - сүлікпен емдеу. Бұл емдеу түрі қан айналым процесін жылдамдатып қана қоймай, бауырды тазартып, қан тамырларының кеңеюінің алдын алады. Қан тамырларының кеңеюі бірқатар келеңсіздіктерге ұшыратуы мүмкін. Сондықтан бұл ауруды алдын алу немесе ерте стадиясында емдеген дұрыс. Қан тамырының кеңеюі байқалғаннан кейін дереу дәрігерге көрініп, сүлікпен емделу жақсы әсерін береді.

Бұл шипажай Қазақстандағы көне шипажайлардың бірі. Табиғи факторлардың көмегімен Қаработан көлінің емдік балшығымен және №12 ұңғымадан алынатын минералды тұздығымен емдейді.

Қорытынды: Қорытындылай келе шипажайдың мықты жақтары: табиғи емдік ресурстардың қолжетімділігі, емдеу бағдарламаларының алуан түрлілігі, денсаулықты жақсартуға арналған жайлы жағдайлардың жасалуы.

Дамыту мүмкіндіктері: қызмет көрсету стандарттарын халықаралық деңгейге жеткізу, заманауи технологияларды енгізу арқылы емдеу тиімділігін арттыру, туризмді дамыту мақсатында жарнамалық жұмыстарды кеңейту.

Атырау шипажайы, өзінің табиғи артықшылықтары мен тиімді емдік әдістерінің арқасында, аймақтағы денсаулық туризмі үшін маңызды нысан болып табылады. Оның әрі қарай дамуы ел ішіндегі және шетелдік қонақтардың сұранысын қанағаттандыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://www.apartamenty.kz>

2. <https://oteli.biletplus.ru>
3. Губа, Д. В. Лечебно-оздоровительный туризм : курорты и сервис : учебник / Д. В. Губа, Ю. С. Воронов. – Москва : Спорт, 2020. – 240 с.
4. <http://atyrau-hotels.com>
5. Кусков Л.С., Лысинова О.В. Курортология и оздоровительный туризм: Учебное пособие. – Ростов-на-Дону: «Феникс», 2008 - 320 с.
6. Гильмутдинова А.Т. Организация санаторно-курортного лечения в санатории. - Монография. - Уфа, 2006. - 199 с.

УДК 614.7

РОЛЬ ПЫЛЕВОГО ФАКТОРА В ВОЗНИКНОВЕНИИ ПРОИЗВОДСТВЕННО И ЭКОЛОГИЧЕСКИ ОБУСЛОВЛЕННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

Шорин С. С., Норцева М.Н. Жексенбаев А.Б.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда

В статье рассматривается техногенная нагрузка урбанизированного населенного пункта. Центральный Казахстан является крупным промышленным центром, что обуславливает существование значительного антропогенного загрязнения окружающей среды. Хотя объем выбросов промышленных предприятий за последние годы сократился, уровень загрязнения атмосферного воздуха, почвы, питьевой воды остается достаточно высоким.

Ключевые слова: пыль, техногенный фактор, эндотелия сосудов, перекисное окисление липидов, доза, детоксикация.

The article deals with the technogenic load of an urbanized settlement. Central Kazakhstan is a major industrial center, which leads to the existence of significant anthropogenic pollution of the environment. Although the volume of industrial enterprises' emissions has decreased in recent years, the level of air, soil and drinking water pollution remains quite high.

Keywords: dust, technogenic factor, vascular endothelium, lipid peroxidation, dose, detoxification.

Трудовая деятельность в современных условиях Казахстана на открытых разработках полиметаллических руд характеризуется воздействием различных неблагоприятных факторов производственной и окружающей среды, где ведущим фактором является пыль. Комплекс металлов, входящих в состав пыли, их сочетание и комбинации могут реализоваться в модифицирующем эффекте и наложить определенный отпечаток на функционирование различных и, прежде всего, регуляторных систем организма. Несмотря на большое количество исследований в этом направлении все еще продолжает оставаться актуальной изучение механизма воздействия пылевого фактора на организм, так как до настоящего времени не ясен характер его взаимодействия на уровне низких доз [1].

Одним из важных аспектов проблемы являются развивающиеся отдаленные последствия, среди которых особое место по социальной значимости занимает сердечно-сосудистая патология.